

**ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың 2020 жылғы III тоқсандағы
кәсіпорындар мониторингінің нәтижелері туралы түсіндірмесі**

Мониторинг нәтижесі нақты секторда аздаған сұраныспен, кәсіпорындар өнімі бағасының өсуі баяулауымен, шекті қаржылық жағдай бар кәсіпорындардың үлесі ұлғайуымен **экономикалық белсенділіктің төмен қарқыны сақталғанын** көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, инвестициялық белсенділіктің, сатудың рентабельдігі, өндіру көлемі шамалы өскені және берілген кредиттердің көлемі аздап ұлғайғаны байқалады.

2020 жылғы 3-тоқсанда нақты секторда дайын өнімге сұраныс біртіндеп қалпына келгені аталды, диффузиондық индекс (ДИ) **42,0-ден 44,9-ға** дейін өсті. Индекстің өсімі көрсетілетін қызмет секторында және тауар өндіру секторында байқалады. Кәсіпорындардың дайын өніміне баға өсу қарқыны бәсеңдеуі жалғасты, ДИ **55,0-ден 53,0-ге** дейін төмендеді.

Өндіру көлемі ұлғайды, ДИ **43,1-ден 51,4-ке** дейін өсті, сатудың орташа рентабельдігі шамалы ұлғайып, **22,2%** болды. Пандемия мен карантин шараларынан ағымдағы жылғы серпін өткен жылғы өндіріс көлемі 2-тоқсаннан басталған үрдістен ерекшеленеді.

2020 жылғы 3-тоқсанда пікіртерім жүргізілген кәсіпорындардың **17,3%-ы** кредит алу үшін банктерге жүгінді, кәсіпорындардың **16,4%-ы** (немесе кредит үшін өтініш білдіргендер санының **94,8%-ы**) кредит алды. Кәсіпорындардың басым көпшілігі (84,3%) айналым қаражатын қаржыландыру (материалдар, шикізат және т.б. сатып алу) үшін кредит алды.

Пікіртерімдердің нәтижелері бойынша 2020 жылғы 3-тоқсанда **37,0%** кәсіпорын үшін Қазақстан **экономикасының жай-күйі** бизнес жүргізуге кедергі болып отыр. Нарықтық бәсекелестік (28,8%), сұраныстың жеткіліксіздігі (22,3%), салық ауыртпалығының деңгейі (21,1%) Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін **басқа да басты кедергілер** болып табылады. Бұл ретте, **қаржыландыруға қолжетімділік** (банктік кредиттеу талаптары) маңыздылығы жағынан **жетінші орында** (13,1%) тұр.

Кәсіпорындардың сауалнамаларын біріктіріп бағалауды білдіретін композиттік озыңқы индикатордың серпіні (КОИ) жоғары дәрежеге жеткенін және экономикадағы жағымсыз жағдайдың тұрақтануын көрсетті. КОИ 2-тоқсандағы сияқты **99,0** деңгейінде сақталды. 2020 жылғы 4-тоқсанда респонденттер экономикалық белсенділіктің аз да болса жандануын (КОИ – **99,4**) күтуде.